

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ тәрбиенің мақсаты мен міндеттері:

Құндылықтар: ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ. АР-ҰЯТ. ТАЛАП.

Мектептің стратегиялық мақсаты: Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, өмірлік дағдыларын қалыптастыруға қажетті ресурстарды жетілдіру.

Тәрбиедегі стратегиялық міндеттері:

1. Оқушыға қамқорлық пен құрмет көрсету, сенім арту, кемсітуге жол бермеу;
2. Білім алушылардың үйлесімді дамуы үшін эмоционалды-интеллектуалды орта құру;
3. Ата-аналармен, қоғаммен, сыртқы ортамен тиімді коммуникация орнату;
4. Ұлттық құндылықтар негізінде жаһандық жаңалықтарға үлес қосатын патриот азаматтар қалыптастыруға бағытталған тәрбие кеңістігін қалыптастыру;

Тәрбие мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келсім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа игілікке бой түзеуге абыройлы болуға ар ұждан намыс, жауапкершілік мейірімділік қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға ойдың тазалығын және эмоцияналды тұрақтылыққа баулу
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу

Күтілетін нәтиже:

1. Ата –анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «жеті ата» «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл халқына адал қызмет етуді мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді салт дәстүрерді біледі оны сақтайды
3. Әр ісіне қадамына жауапкершілікпен қарайды әдепті және мейірімді сөзіне берік ісіне адал кішіге ізет үлкенге құрмет көрсетіледі, ар ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді эмоционалды жай күйін басқарады.
5. Тұратын үйін ауласын қаласын таза ұстайды қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды

ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ АР – ҰЯТ ТАЛАП

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

(мемлекетшілдік)



- ✓ Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- ✓ Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- ✓ Елінің тарихын құрметтейді

- ✓ Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- ✓ Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары бағалайды

ТАЛАП



- ✓ Жан мен тән тазалығын сақтайды
- ✓ Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді
- ✓ Қоршаған орта тазалығын сақтайды
- ✓ Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық
- ✓ Ізденімпаз, жасампаз тұлға

АР-ҰЯТ



- ✓ Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды
- ✓ Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады
- ✓ Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды

- ✓ Достарын, сыныптастарын сыйлайды
- ✓ Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді